

8. Елюбаев Ж.С. Опыт участия инвесторов в новом судопроизводстве: вопросы практики и законодательства//<http://sud.gov.kz/>.
9. Центр исследования правовой политики. Участие прокурора в гражданском процессе: сравнительно-правовой анализ// www.lprc.kz.
10. Закон «О прокуратуре». 30.06.2017 г. //<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000081>
11. Чиндалиев А. Участие прокурора в гражданском процессе// <http://prokuror.gov.kz/>
12. Сарсенбаев Т. «Круглый стол» организован Генеральной прокуратурой РК совместно с Центром ОБСЕ в Астане и Союзом адвокатов Казахстана. <http://www.inform.kz/>
13. Приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 29.01.2016г. №21 «Об утверждении Инструкции об организации прокурорского надзора за применением законов в гражданском судопроизводстве и представительства интересов государства в судах» // <http://prokuror.gov.kz/>

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ТӨРЕЛІКТІҢ РӨЛІ

*Асетова Г.Б., Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ заң факультетінің докторанты
Мамедов Р.Ю., PhD, Әзірбайжан Республикасы ІІМ полиция академиясы*

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады, оларды шешу еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының дамуының ахуалды үрдістерімен тікелей байланысты.

Қазақстанда кәсіпкерліктің қайта жаңғырып және дамуы үшін кәсіпкерліктің шынайы әлеуметтік болмысын, заманауи қазақстандық қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуындағы оның орны мен мәнін сезіну қажет.

Осы процесті құқықтық қамтамасыз етудің де маңыздылығы зор, яғни экономикалық қызмет үшін заңдық негіз қалыптастыру, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін заңнамалық қорғау.

Кәсіпкерлікті құқықтық реттеу кәсіпкерлерге қоғамға пайдалы қызметтерін, экономикалық механизмді қозғаушы күш ретінде оның ролін жүзеге асыру үшін жеткілікті түрде мүмкіндіктер беруге бағытталуы тиіс.

Демек кәсіпкерлерді құқықтық қорғаудың қажеттілігі экономикалық қатынастардың мәнімен анықталады. Шаруашылық жүргізудің барлық тәуекелі негізгі өндірістік құралдардың меншік иесі ретінде мемлекетке жүктелген, кеңестік қоғамның орталықтандырылған жоспарлы экономикасына қарағанда, нарықтық экономика жағдайында шаруашылық жүргізудің тәуекелі кәсіпкерлерде болады, олар іске салынған тек қаржы құралдарымен ғана емес, сонымен қатар еңбек нәтижесімен және өздерімен байланыста тұратын өзге де тұлғалардың және олармен байланысты тауар иеленушілер мен өндірушілердің қаражаттарымен де тәуекелге барады.

В.В.Витрянскийдің пайымдауынша, азаматтық айналымның қатысушыларының өз құқықтарын қорғай аламайтындығы немесе оған деген ынталарының болмауы, енжар қарауы, нақты тұлғалардың мүдделеріне ғана әсер етпейді, сонымен қатар жалпы экономиканың жағдайына теріс әсерін тигізеді [1; 3].

Тиімді жұмыс жасайтын экономикаға сүйенетін қоғамды қалыптастыру мен тұрақтандыру, азаматтық айналымның субъектілері арасында пайда болған дауды уақытылы, әділ және заңды түрде шешуді қамтамасыз ететін заңды механизмді қалыптастырмай мүмкін болмайтыны айқын. Сондықтан, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тек кәсіпкерлік құқықтың емес, азаматтық құқықтың да маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.

ҚР Конституциясының 13 б. 1 т. бекітілгендей, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы [2]. Алайда ҚР АҚ 9 б. мазмұнынан құқықтарды қорғау заңмен анықталған тәсілдермен жүзеге асырылатындығын көреміз. ҚР АҚ 9 б. 1 т. сәйкес, азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік: құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттердің жолын кесу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу; дау айтылатын мәмілені жарамсыз деп тану және оның жарамсыздығы салдарын қолдану, маңызсыз мәміленің жарамсыздығы салдарын қолдану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті

өкілді не атқарушы органның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін актісін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану; азаматқа немесе заңды тұлғаға құқықты иеленуіне немесе жүзеге асыруына кедергі келтіргені үшін мемлекеттік басқару органынан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады [3]. ҚР Конституциясы тікелей әрекет ететін негізгі заң болып табылғандықтан, азаматтық заңнаманың жоғарыда көрсетілген нормадағы «заңнамалық актілерінде көзделген өзге де тәсілдермен» деген сөзді, «заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен» деген сөзбен ауыстыру мақсаттырақ деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, заңдық актілермен арнайы көзделген жағдайларда азаматтық құқықтарды қорғау құқығы бұзылған адамның тікелей іс жүзіндегі немесе заңдық әрекеттерімен жүзеге асырылуы мүмкін (өзін-өзі қорғау).

Азаматтық құқықтарды қорғаудағы осы аталған барлық тәсілдерді азаматтық айналымның кез келген қатысушылары, сонымен қатар кәсіпкерлерік қызмет субъектілері де жүзеге асыра алады. Сондықтан оларды кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың жалпылама тәсілдеріне жатқызуға болады.

Сондай – ақ Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 300 б. көзделген ережелерді ескеретін болсақ, әрбір кәсіпкерлік субъектісінің өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін:

- сот арқылы қорғауға;

- кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де тәртіппен (төрелік, медиация, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл, омбудсмен, келіссөздер, наразылық тәртіп және өзгелер) қорғауға;

- Кәсіпкерлік кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағым жасау арқылы қорғауға;

- заңдарда арнайы көзделген жағдайларда, құқықтары бұзылған кәсіпкерлік субъектісінің тікелей іс жүзіндегі немесе заңдық әрекеттерімен (өзін-өзі қорғау) қорғауға құқылы [4].

Аталмыш норманы талқылау барысында кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың екі насынан байқай аламыз, яғни соттық қорғау және соттан тыс қорғау. Соның ішінде біздің ғылыми ізденісімізге арқау болып отырғаны, соттан тыс қорғау нысандарының бірі, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың баламалы тәсілі төрелікте қорғау.

Даулы мәселе туындағанда кәсіпкер пайда болған дауды келіссөздер арқылы шешуге ұмтылады, себебі дауды сотқа дейін шешу кәсіпкердің тек қана ақшалай қаражатын үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар сот талқысының барлық сатыларына уақытын жоғалтпай, өзінің негізгі қызметімен айналысуға, жан жалдың ұзаққа созылып кетуіне қауіптенбей жұмысының болашақ басымдықтарын сенімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Дауды төрелікке беруге дейінгі реттеу ешқандай нәтиже бермесе және қарсы тараптың шығынды өтеуге деген ынтасына ие болмаса, кәсіпкер дауды төрелікке беруге дайын болады.

Қазіргі таңда барлық елдерде құқықтық дауларды шешуде баламалы тәсілдерді қолдану тәжірибесі кең етек алған, олар ресми әділ сотқа, мемлекеттің соттық жүйесіне балама болып табылады. Азаматтық – құқықтық қатынастардың әр түрлі салаларында осы рәсімдерді қолданудың кең етек жаюы олардың сан алуан нысандарының пайда болуына әкелді, олардың ішінде ерекше орынға төрелік ие [5; 45].

Әсіресе коммерциялық салада дауларды реттеу үшін төрелік ең көп тараған тәсілдердің біріне айналды. Алайда басқа баламалы тәсілдерден айырмашылығы төреліктің шешімі міндетті болып табылады және мемлекеттік соттың шешімі сияқты мәжбүрлі орындауға жатады.

Қазіргі таңда мемлекеттік соттың баламасы ретінде төреліктің дамуы барлық мемлекеттерде жағымды құбылыс ретінде қарастырылады, себебі ол азаматтық айналымның қатысушылары арасындағы пайда болған дау дамайларды шешу саласындағы мемлекеттік әділ соттың мойнындағы жүкті бір қатар жеңілдетуге әрекеттеседі. Сонымен қатар, халықаралық коммерциялық төрелік сыртқы экономикалық қатынастар саласында халықаралық ынтымақтастықтың дамуына тиімді әсер етуші элемент ретінде қарастырылады..

Коммерциялық дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде төрелік Қазақстанда жиырма жылдан астам уақыт бойында қолданылып келеді. Салыстырмалы түрде осы аз уақыт ішінде ол бірнеше даму кезеңдерін өткерді, ол кезеңдер пайда болу мен бір қалыпты дамудан, жасырын және аашық түрде төрелік соттарды жоюға дейін, алғашқы төрелік туралы заңдарды қабылдаудан, оларды тұрақтандыру мен жүйлендіруге дейінгі кезеңдерді қамтиды.

2015 жылы 31 қазанда Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процесілік кодексі қабылданды. Жаңа Азаматтық процесілік кодексінен кейін алдыңғы екі заңды біріктірген 2016 жылы 08 сәуірде Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» № 488-V Заңы қабылданды [6].

Төреліктің құқықтық табиғаты және құқықтық дауларды шешу жүйесіндегі оның орны азаматтық – құқықтық дауларды қарастыру бойынша төрелік соттың және іске қатысушы тұлғалардың қызметі мен іштей қалай ұйымдастырылғанымен, әрі қалай реттелгендігімен анықталады.

Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңының 1 б. сәйкес егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, дау субъектілерінің мемлекет ішінде немесе оның шегінен тысқары жердегі тұрғылықты жеріне немесе орналасқан жеріне қарамастан, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен болатын азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған, төрелік шешетін дауларға қатысты қолданылады [7]. Осы орайда Қазақстан Республикасының төреліктерін ішкі аралық соттарға және Қазақстандағы халықаралық төреліктер деп бөлу жүйелендірілді.

Төрелік – бұл нақты азаматтық – құқықтық дауды қарау үшін арнайы құрылған немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік түрінде құрылған, мемлекеттік емес сот.

Тұрақты жұмыс істейтін (институционалды) төреліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалармен құрылуы мүмкін. Олар регламенттерді бекітеді, аталмыш төрелікте қызметті жүзеге асыратын төрерішілердің тізілімін жасайды.

Нақты азаматтық – құқықтық дауды қарау үшін арнайы құрылған төрелікті (оқшауланған төрелік (ad hoc)) тараптар дауды шешу үшін құрады және ол сол дауды шешкенге дейін немесе тараптар дауды сотқа беру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмыс істейді. Тараптар жеке дара төрелік талқының өтетін жерін тандайды, төрешілерді сайлау тәртібін анықтайды және төрелік рәсімді бекітеді. Аталмыш рәсімдер БҰҰ қамқорлығымен дайындалған, қосымшалық сипатқа ие үлгілік төрелік регламенттерге негізделуі мүмкін, олар қолданылады егер тараптар өз келісінде келесі немесе оданда басқа төреліктердің регламенттеріне сілтеме жасайтын болса:

- Еуропа үшін БҰҰ Экономикалық комиссиясының төрелік Регламенті;
- Азия және Қиыр Шығыс үшін БҰҰ Экономикалық комиссиясының Халықаралық коммерциялық төрелігінің Ережесі;
- ЮНСИТРАЛ төрелік Регламенті.

Тәжірибеге сүйенетін болсақ, ad hoc төрелік, яғни нақты құқықтық дауды қарау үшін арнайы құрылған төрелік істің нақты мән – жайларымен, мысалы тауардың сапасымен, оның бағасын анықтаумен және осы сияқты басқада мән – жайларымен байланысты даулар бойынша ұтымды болып табылады.

Қазіргі таңда тұрақты әрекет етуші төреліктердің саны күннен күнге артуда. Олардың саны жүзден астам, солардың ішінде танымалдары келесілер:

- Халықаралық сауда палатасының Төрелік соты (Париж);
- Лондондық халықаралық төрелік сот;
- Американдық төрелік ассоциация (Нью-Йорк);
- Стокгольмдік сауда палатасының Төрелік Институты;
- РФ Сауда – өнеркәсіп палатасының жанындағы Халықаралық коммерциялық төрелік соты;
- Қазақстандық халықаралық төрелік;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрелік және аралық сотта талқылау орталығы және тағыда басқалары [8].

Дау төреліктің қарауына тараптардың арасында жасалған төрелік келесім болған жағдайда берілуі мүмкін.

Төрелік келісім тараптардың арасында қандай да бір нақты азаматтық – құқықтық қатынас бойынша пайда болған немесе пайда болуы мүмкін дауға қатысты жасалуы мүмкін. Сонымен қатар, сотта қаралып жатқан дау бойынша, осы дау бойынша сотпен шешім шығарылған дейін де төрелік келісім жасалуы мүмкін.

Қазіргі таңда төрелік келісім сыртқы экономикалық шарттарда қалып болып табылады.

Төрелік іс жүргізу құқық қолдану қызметінің бір түрі ретінде істі қозғау (өндіріс). Құқық қолдану актісіні дайындау және қабылдау, яғни төрелік келісімді шығару сатыларына бөлінеді, олардың барлығы жиынтығында құқық қолдану топтамасын қалыптастырады.

Төрелік дауды дауды қарастыру барысында қолдану ретінде тараптармен таңдалып алынған құқық нормаларына сәйкес шешіледі. Басшылыққа алынатын құқық туралы тараптардың келісімі

болмаған жағдайда, төрелік қолданылатын құқықты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтайды.

Төреліктің негізгі бірден бір мақсаты дауды тараптарды келістіре отырып шешу, осы орайда егер тараптар дауды төрелік талқының барысында келісім арқылы реттесе, төрелік талқылауды тоқтатады және тараптардың өтініші бойынша осы реттеуді келісімнің негізіндегі төрелік шешім түрінде бекітеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша және талқылау тараптарымен таңдалған құқық нормаларымен дауларды қарастыруды жүзеге асырушы тәуелсіз тұрақты әрекет ететін төрелік институт болып табылатын Қазақстандық Халықаралық Төреліктің 2014 - 2017 төрелік тәжірибесінің шолуына қарайтын болсақ, 2014 - 2017 жылдар аралығында орта есеппен жылына 50 – 60 талап арыз бойынша материалдар келіп түскен. Талапкер мен жауапкердің басым көпшілігі заңды тұлғалар болып табылады, яғни 97 пайызы, ал қалған 3 пайызы жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер). Осы уақыт аралығында Қазақстандық Халықаралық Төрелікке келіп түскен істердің 29 пайызы ішкі даулар, ал қалған 71 пайызы халықаралық даулар болып табылады [9]. Осы жерден төрелікке отандық шаруашылық субъектілердің әліде болса жүгінуі бәсең. Оған басты себеп ақпараттандырудың аздығы.

Қазіргі таңда қазақстандық төреліктерде кең етек алған даулар келесі азаматтық – құқықтық шарттардан туындайды: сатып алу – сату, мердігерлік, құрылтай шарттары (ҚР заңнамасы бойынша заңды тұлғаларды құру туралы), өтеулі қызмет көрсету, жалға алу, займ, сақтандыру, тасымалдау және басқалары.

Төрелік әр түрлі мемлекеттердің заңды тұлғалары арасындағы дауларды шешуде орталықтанған институт болып табылады, себебі барлық елдерде шетелдік соттың шешімдеріне қарағанда төрелік шешімді орындау жеңілдеу. Ол халықаралық келісімдер желісінің болуымен байланысты, олардың ішінде маңыздысы болып 1958 жылғы Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындауға келтіру туралы Нью-Йорк Конвенциясы табылады.

Сонымен Қазақстанда нарықтық экономиканың дамуы мен жеке сыртқы экономикалық белсенділіктің арту қарқынымен отандық ұйымдардың қатысуымен коммерциялық дауларды төрелікте қарау кең етек жайып келеді, оған себеп төреліктердің тәуелсіздігі, дауласушы тараптардың төреліктің дауды қарау бойынша тәтібін өздерінің бекітуі, тараптардың талқылау өтетін орны мен тілін жеке дара таңдауы, төрешілерді тараптардың өздерінің таңдауы, дауды қарастырудың құпиялық сипаты, іс жүргізудің жылдамдығы және тиімділігі, сонымен қатар төрелік рәсімнің қарапайымдылығы және төрелік шешімді мәжбүрлі орындатудың заңнамалық қамтамасыз етілуі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Витрянский В.В. Проблемы арбитражно-судебной защиты гражданских прав участников имущественного оборота. Диссертация. -М., 1996. – 158 с.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), 1994 жыл 27 желтоқсан № 268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>
- 4 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 жыл 29 қазан № 375 – V // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
- 5 Киздарбекова А.С. Альтернативные способы разрешения предпринимательских споров // Вестник Карагандинского университета. – Серия право. – 2012. - №2 (66). – С.45-51.
- 6 Сулейменов М.К., Дуйсенова А.Е. Актуальные проблемы практики применения нового законодательства об арбитраже и пути его совершенствования // <http://www.arbitrage.kz/2016-09-11-11-04-40/2016-09-11-11-26-42.html>
- 7 «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000488>
- 8 Киздарбекова А.С., Карибаева А.Е. Правовое регулирование деятельности хозяйствующих субъектов: Электронное учебное пособие. – Караганда, 2017
- 9 Обзор арбитражной практики Казахстанского Международного Арбитража за 2014-2017 годы // <http://www.arbitrage.kz/homepage/2016-09-11-08-37-37.html>